

"Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Үржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6-53/V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы N 22-211/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қаңтарда N 3168 болып тіркелді. Күші жойылды - (Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихаты аппаратының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 220-03/14 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихаты аппаратының 15.12.2014 № 220-03/14 хаты).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабы 2 тармағы 1) тармақшасына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы №1316 қаулысына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Үржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі №6-53/V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2699 нөмірімен тіркелген, " Уақыт тынысы" газетінің 2012 жылдың 18 қазанында 90-91 нөмірінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген шешіммен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде:
"Жалпы ережелер" тарауында 2 тармақтың:
4) тармақшасындағы 2 абзац және 5) тармақшасы алынып тасталсын;
"Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі" тарауындағы 5 тармақтың "10) тармақшасы алынып тасталсын .
2. Осы шешімнің 1 тармағының үшінші, төртінші, бесінші абзацтарының

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетінін қоспағанда, осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>С. Мұздыбаев</i>
<i>Ұ р ж а р а у д а н д ы қ мәслихатының хатшысы</i>	<i>М. Бітімбаев</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК